

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

2020 жылдың 15 мамыры

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«Психология здоровья человека
в глобализирующемся мире»
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова
15 мая 2020 года

PROCEEDINGS

International scientific conference about
«Psychology of human health in a globalizing world»
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 159.9 (063)
ББК 88,3
П 86

Редакционная коллегия

Қашхынбай Б.Б.-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

Сламбекова Т.С. - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

Айкинбаева Г.К. -кандидат педагогических наук, доцент

Мамбеталина А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Нурадинов А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Рыскулова М.М. -кандидат педагогических наук, доцент

Исаханова А.А. – PhD психологии

Организационный комитет

Ақымбек Г.Ш. -магистр психологии

Бурдесбекова У.И. -магистр педагогики

Құнанбаева А.Ж. -магистр психологии

Лекенова А.-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

ISBN 978-601-337-343-0

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

ISBN 978-601-337-343-0

©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020

©Кафедра социальной педагогики и самопознание

ЕНУ им Л.Н. Гумилева

**ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ МАХАББАТ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІНІҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Зинабдин Елдана Мейрамбекқызы

eldon98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Психология мамандығының 4-курс
студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Айтышева Айгүл Мұқатайқызы

Махаббат тақырыбы адамзатты бүкіл тарих бойы толғандырды. Махаббат - зұлымдық пен игілік, қайғы-қасірет пен қуаныш, бақытсыздық пен бақыт, бірақ ол - адамдар үшін ешқашан немқұрайлы болған емес. Махаббат туралы көп жазылған. Бәлкім, махаббат мәніне қатысы жоқ бірде-бір жазушы немесе философ жоқ шығар. Дегенмен, махаббат ең нашар зерттелген ғылым. "Ол таусылмайтын – махаббат сезіміне бай және жан-жақты, ол көріністер түрінде ерекше, оның дамуы өте ғажап»" [1;Б.38].

М. И. Розенова, А. В. Погодина, И. В. Грошев, Л. Б. Шнейдер, В. Н. Харитонов секілді психологтардың пікірі бойынша, махаббат түсінігі келесі құрамдас бөліктерден тұрады: махаббаттың дәл өзі, махаббаттан үміт күту, махаббаттың құндылық деңгейі, сүйіктінің бейнесі. Бірақ, махаббат туралы толық анықтама беруге көпғасырлық талпыныстарға қарамастан, әлі күнге дейін махаббатты барынша толық сипаттайтын бірде-бір анықтама атай алмаймыз. Махаббат әрдайым сөзбен жеткізе алмайтын жүрек байлығын және сезімді білдіреді.

Психологияда махаббат ұғымы екі мағынада қолданылады. Махаббат кең мағынада "өзінің объектісін басқалардан ерекшелеп, оны тұрақты өмір қажеттіліктері мен қызығушылықтарының ортасына қоя отырып, эмоционалды-позитивті қарым-қатынастың жоғары деңгейі" болып табылады [2;Б.333]. Бұл, мысалы, анаға деген махаббат, музыкаға және т.б. Бізқарастырып отырған тар мағынада "махаббат – жыныстық қажеттіліктерге физиологиялық негізделген және біреудің өміріндегі сүйіспеншілікке толы белгілермен толықтай көрінгісі келетін, субъектінің қарқынды және салыстырмалы тұрақты сезімі" [2;Б.333]. Бұл сипаттамаларда махаббат туралы түсінік әртүрлі психоаналитикалық тұжырымдамаларда ашылып зерттелді. Махаббат проблемасына шындап ең алдымен психоаналитиктер келді. З. Фрейд классикалық психоанализде: "махаббат - бұл сексуалдық құбылыс, ол өзара жыныстық қанағаттанушылықпен бірге жүреді, бұл тыйым салынған нәрсеге ұмтылу – тек сезімдік көріністе және адамның санасында, ол әлі де осындай болып қала береді" деп жазды [3; Б.153].

А. Адлер жеке психологияда махаббат өте белгісіз сезім екендігін, махаббаттың түрлері және формалары әр түрлі болатынын айтады. Бірақ, сонымен қатар, А. Адлер махаббат қарым-қатынастағы теңдікте құрылатынын атап өтті. Эго-психология тұжырымдамасында Э. Эриксон:

“Махаббат - жыныстық және функционалдық поляризацияға тән антогонизм шығаратын өзара адалдық және ерте жастағы ересектердің күш-қуатын білдіреді. Махаббат мәдени және жеке стильдегі биліктің жан-жақты қуатын қорғайды, ол жарыс пен кооперацияны, өнімді іс-әрекет пен бала тууды біртұтас "өмір тәсіліне" қосады” деп сипаттады [3; Б.153].

Г. С. Салливан (гуманистік психоанализ) махаббатты ынтымақтастық жағдайы деп санайды, ол кезде сүйетін адамдар бір мезгілде сезінеді, өзінің беделі мен қадір-қасиетін сақтау үшін ойын ережелерін ұстанады, бірлесіп әрекет етеді және қатыгез әлемге бірлесіп қарсы тұрады. Э. Фромның психоаналитикалық тұжырымдамасында: "Махаббат - адамның белсенді күші, адамның жақындарынан бөлінуінен бұзатын күш; оны басқалармен біріктіретін күш; махаббат оған оқшаулау және жалғыздық сезімін жеңуге көмектеседі, бұл ретте оған өз-өзімен қалуға, өз тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді. Махаббат кезінде парадокс орын алады: екі адам бір болады және өз болмысын сақтап қалуға тырысады" [4;Б.26].

И.В.Гребенников бойынша "махаббат – жер бетіндегі өмірдің көзі және қуатты түрлендірушісі, ол адамның жеке өміріне ғана емес, оның еңбек және қоғамдық қызметіне, оның психикасына және жалпы оның жан-жақты дамуына да жағымды әсер етеді"[1;Б.40]. Психолог Л. С. Рубинштейн басқа адамға деген махаббат сезімі онымен қарым-қатынастан қуаныш сезіміне кенелу, онымен жылы қарым-қатынас кезінде анықталатын оған деген нәзіктік, қамқорлық, қауіп төндіре бастағанда, сәтсіздікке ұшырағанда немесе зардап шеккенде, ренжіткенде, оған қатысты әділетсіздік жасағанда, қиын жағдайларда болғанда жанынан табылу. Р. С. Немов бойынша махаббат – бұл сезім ғана емес, сонымен қатар, сүю және сүйікті болу қабілеті мен мүмкіндігі, бұл ғашықтардың арасындағы тең құқылық деп санайды. Р. С. Немов сүйіспеншілікті түсініп, үнемі өзін-өзі жетілдіру керек деп атап өтті. "Махаббатты адам алады, береді және өзгеден де дәл сондай әрекетті күтеді" [5; Б.509]. Г. Гегель былай деді: "махаббаттың шынайы мәні – өзінің санасынан бас тарту" мен "өзіңді ұмыту”, алайда, бұл жоғалу арқылы өзіңді болашақта табуды ұмытпау" [6; Б.2].

Философиялық энциклопедияда өз объектісіне риясыз және өз бетімен ұмтылған адамгершілік - эстетикалық сезім ретінде махаббат анықтамасы беріледі. "Олардың рухани және табиғи айырмашылықтары махаббат бірлігінқұрайды; бір-бірін толықтыра отырып, олар біртұтас әрекет етеді" [6; Б.132]. Адамның махаббаты басқа жыныстың қандай да бір өкіліне ғана емес, нақты бір адамға бағытталған. Бұл ой- өте ақылды және күшті болған төрт аяқты андрагондар туралы аңызда айқын бейнеленеді. Құдайлар қарсыластықтан қорқа отырып, оларды екі жартыға бөлді. Енді бұл жартылар осы өмірде бір-бірін іздеуде. Бұл аңыз махаббат негізі болып табылады және онда жүзеге асырылатын әмбебап қағидатты нақты көрсетеді, ол әр түрлі ғылымдарда мағынасы ұқсас атаулар – жұптылық, симметрия, қосымша болып келеді. Бұл принцип "Мен" деген ұғымды біртұтас "біз" деп біріктіруді көздейді. И. В. Гребенников ежелгі кезде махаббат туралы түсінік негізінен жыныстық қатынас сипатында болғанын атап өтті. Тек бірнеше

мың жылдан кейін бұл қатынастар әлеуметтік сипатқа ие бола бастады. Ер мен әйел арасындағы қарым-қатынаста таңдау элементі пайда болды. Бастапқыда олардың негізінде жастық пен денсаулық сияқты сыртқы деректер жатқызылды. Содан кейін, қарама-қарсы жынысты адамға деген махаббат, оның сұлулығын бағалауға негізделі басталды. Содан кейін, рыцарлық махаббат пайда болды – әдемі әйелге деген қызығушылық. Бірақ, онда өткен кезеңдердегідей, сұлулыққа көп көңіл бөлінді және адамдардың ішкі рухани әлеміне мән берілмеді.

С. В. Ковалев Ежелгі Грецияда махаббаттың екі түрге бөлінгенін көрсетеді:

1. Махаббат - эрос - ұмтылыс, өз құмарлығын қанағаттандыруға ие болуға ұмтылу;

2. Махаббат – агапе - риясыз қайтарымда көрінеді, сүйіктіңнің қамқорлығына бөлену және сүйікті болу.

Махаббат-эрос және махаббат– агапе кейбір мағынада қарама-қарсы болып келеді: біріншісі - алуға, екіншісі – беруге ұмтылады. Сонымен қатар, бұл бір сезімнің әртүрлі полюстері. Қазіргі уақытта ежелгі Грецияда қолданылатын махаббат жіктелуі К. Хендрик пен С. Хендрик (1986 ж.) күрделендіріп, алты стильді немесе махаббаттың "түстерін" бөліп қарастырыған:

1. Эрос-құмарлық: ерекше махаббат - толық физикалық иеленуге ұмтылатын құмарлық;

2. Ерекше людус – махаббат: ойын, сезімнің тереңдігімен ерекшеленбейтін және опасыздыққа оңай жол беретін;

3. Сторге -нәзік, тыныш және сенімді махаббат;

4. Прагма - ақылсыз, саналы басқаруға оңай, есептелген махаббат, людуспен сторганы біріктіреді;

5. Мания - иррационалды махаббат-тәуелділік, сенімісіздік;

6. Агапе-риясыз махаббат - өзін-өзі беру, эрос пен сторганы біріктіреді.

Тек біртіндеп, көптеген ғасырлардан кейін, қоғам махаббаттың моральдық құндылығы мен күшін түсіне бастады, "осылайша, қазіргі адамға тән махаббат туралы түсінік қоғамның және адам тұлғасының ұзақ тарихи дамуының нәтижесі болып табылады"[1; Б.40].

Қазіргі уақытта Роберт Стернбергтің үш компонентті махаббат жіктелуі ең танымал болып келеді. Стернберг бойынша, махаббаттың үш құрамдас бөлігі бар: интимді қатынас, құмарлық және шешім (міндеттеме) [7]. Интимді қатынас немесе психологиялық қатынас сезімі басқа адамға шынайы ықыласпен, оны қолдауға, оның өмірін жақсырақ етуге, қызығушылықтар мен әрекеттер қауымдастығында көрінеді. Құмарлық қарым-қатынаста физикалық сауығуға және сексуалдық мінез-құлыққа әкелетін қозу түрлеріне жатады. Қызығушылықтың мотивациялық қажеттіліктеріне жыныстық қажеттіліктен басқа өзін-өзі қадірлеу қажеттілігі, біреуге қажет екенін сезіну және қиын сәтте қолдау алу қажеттілігі жатады. Р.Стернберг махаббаттың үш компонентінің әр түрлі комбинациялары негізінде махаббаттың қарым-қатынас жүйесін әзірледі. Мысалы, адамдар

арасындағы симпатия - жақындық, интимділік сезімі арқылы көрінеді және міндеттеме артпай сипатталады. Интимді қатынас пен құмарлықтың болмауы кезіндегі қарым-қатынастар, Р. Стернберг бойынша, ойлап табылған махаббат ретінде сипаттайды. Қарым-қатынаста мына үш компоненттің болуы — интимділік, құмарлық және міндеттеме-нағыз махаббатқа тән.

Сонымен, айтылғындардың барлығы осы салада қосымша зерттеулер жүргізу қажеттілігін көрсетеді. Негізінде, махаббатты түсіну де, махаббатты қабылдау да, махаббатты беру-алу да көбінесе гендрлік психологияға әкеліп тіреледі. Жалпы, махаббатты түсінуді гендерлік ерекшеліктермен салыстыра отырып зерттеген жағдайда нәтиже айқын көрінеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Гребенников И.В. Основы семейной жизни: Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов. – М.: Просвещение, 1991. – 158с.

2. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Психология: Учебник для студ. высш. пед. учеб. заведений. – 2-е изд., стереотип. – М.: Издательский центр «Академия»; Высшая школа, 2001. – 512с.

3. Харитонов А.Н. Психоаналитические исследования любви мужчины и женщины // Мир психологи – 2007 - № 2 (50) – с.151 – 166

4.Фромм Э. Искусство любви. – Минск: Полифакт, 1990. – 77с.

5.Немов Р.С. Психология. Учеб. для студентов высших пед. учеб. заведений. В 3 кн. Кн. 1. Общие основы психологии – 2-е изд. – М.: Просвещение: ВЛАДОС, 1995. – 576с.

6.Ковалев С.В. Психология современной семьи: Информ. – метод. материалы к курсу «Этика и психология семейной жизни». Кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1988. – 208 с. – (Психол. наука – школе)

7. Майерс, Д.Г. Әлеуметтік психология [Текст] : оқулық / Дэвид Г. Майерс, Жан М. Туенж ; аудармашылар: Г.Қ. Айқынбаева, А.М. Айтышева, Б.Ш. Байжұманова және т.б. – 12-бас.. – Алматы ; Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 647,
УДК 159.922

НЕОБХОДИМОСТЬ СОПРОВОЖДЕНИЯ СЕМЬИ РЕБЕНКА С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Кабдуалиева Салтанат Кыдырбековна

Магистрант 1 курса образовательной программы 7М01103

Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева

г.Нур – Султан, Республика Казахстан

saltanat1002@mail.ru

Научный руководитель – Жубакова Сауле Сайбулатовна

к.п.н., и.о. доцента Евразийского национального университета им.

Л.Н.Гумилева